

Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2025 жылғы 17 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 21 сәуірде № 36002 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 24.05.2025 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 10-32) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 26.02.2026 № 76 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 168 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33835 болып тіркелді);

2) Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 168 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 18 маусымдағы № 223 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34525 болып тіркелді) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2025 жылғы 24 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрінің
міндетін атқарушы

К. Кажкенов

КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновация және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің міндетін
атқарушысының
2025 жылғы 17 сәуірдегі
№ 130 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-2-бабының 10-32) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына есепке қою тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 26.02.2026 № 76 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген

өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 13) тармақшасына сәйкес олар бекітілген немесе өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға және Бірыңғай байланыс орталығына жіберіледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 26.02.2026 № 76 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бірыңғай республикалық электрондық база – жергілікті атқарушы органдар тұрғынжайға мұқтаж адамдардың есебіне қойған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор;

2) көрсетілетін қызметті алушы – Заңның 69-бабының талаптарына сәйкес тұрғынжайға мұқтаж деп танылған, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюға өтініш берген Қазақстан Республикасының азаматы, қандас;

3) көрсетілетін қызметті беруші – ұлттық даму институты мәртебесіне ие, Заң талаптарына сәйкес тұрғынжайға мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына есепке қоюды жүзеге асыратын тұрғын үй құрылыс жинақ банкі;

4) қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 115 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5) ақпараттандыру объектісі "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасы (бұдан әрі – Ақпараттандыру объектісі) – Заңда айқындалған тәртіппен ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор;

6) уәкілетті орган – тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар жиынтығы.

2-тарау. Қазақстан Республикасының тұрғынжайға мұқтаж азаматтарын, қандастарды есепке қою тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 115 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Тұрғынжайға мұқтаж адамдарды есепке қою Ақпараттандыру объектісі арқылы орталықтандырылған түрде жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 115 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Тұрғынжайға мұқтаждарды Ақпараттандыру объектісіне есепке қою үшін көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ арқылы Көрсетілетін қызметті берушінің интернет - ресурсында авторландырылады және өзінің өтінім берілетін жеке кабинетін ашады.

6. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің республикалық маңызы бар қалаларда, астанада Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюы кезінде соңғы үш жылда тұрғылықты жері бойынша тіркеу талап етіледі. Көрсетілген талап кәметке толғанға дейін ата-анасынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балаларға, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балаларға қолданылмайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 115 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Заңның 69-бабына сәйкес тұрғынжайға мұқтаж деп танылған, мынадай талаптарға жауап беретін Қазақстан Республикасының кәметке толған азаматтары, қандастар Ақпараттандыру объектісі арқылы есепке алынады:

1) бірыңғай республикалық электрондық базаға және "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған кезде олардың соңғы бес жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрғынжайы болмаса;

2) есепке алуды осы тұрғынжайдың орналасқан жері бойынша жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын олардың жалғыз тұрғынжайы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен авариялық деп танылса.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 115 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Ақпараттандыру объектісі арқылы тұрғынжайға мұқтаж адамдарды есепке қою кезінде Көрсетілетін қызметті алушы Заңның 74-бабының 1-тармағында айқындалған адамдарға тиесілігін көрсетеді.

9. Заңның 74-бабының 1-тармағында айқындалған адамдарға тиесілігі туралы мәліметтер болмаған жағдайда Көрсетілетін қызметті алушы қажетті түзетулер енгізу үшін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінуге құқылы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 115 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Заңның 74-бабының 1-тармағында айқындалған адамдарға тиесілілігінің болмауы Ақпараттандыру объектісінде тұрғынжайға мұқтаж адамдарды есепке қоюдан бас тартуға негіз болып табылмайды.

11. Тұрғынжайға мұқтаж жетім балаларды, ата-анасының (ата-анасының бірінің) қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке қою Заңның 71-бабының 3-тармағының негізінде жүзеге асырылады.

12. Көрсетілетін қызметті беруші тұрғынжайға мұқтаж адамдарды есепке қою кезінде "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың және олардың отбасы мүшелерінің дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін алуға міндетті.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 115 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті алушы тұрғын үйге мұқтаждарды есепке қою кезінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Ақпараттандыру объектісі арқылы қол қояды және Көрсетілетін қызметті берушіге "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына есепке қоюға өтінішті береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына есепке қоюға өтінішті Көрсетілетін қызметті алушының заңды өкілдері береді.

Көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінімді қабылдайды және қарайды, көрсетілетін қызметті алушының осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушыға қойылатын негізгі талаптарға сәйкестігін және Заңның 74-бабының 1-тармағында айқындалған тұлғаларға тиесілілігінің сәйкестігін тексереді.

Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен авариялық деп танылған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою кезінде өтінімді қарау мерзімі 3 (үш) жұмыс күнін құрайды. Көрсетілетін

қызметті беруші тексереді Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтінішке қоса берілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы аттестатталған сарапшының техникалық қорытындысының (тұрғын үйді техникалық тексеру нәтижелері бойынша) электрондық көшірмесі.

Ақпараттық жүйеде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы деректер болмаған жағдайда өтініш үш (3) жұмыс күн ішінде қаралады. Көрсетілген қызметті беруші Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішке қоса берілген ата-анасының біреуінің немесе екеуінің де жоқтығын, сондай-ақ заңды өкілінің мәртебесін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін тексереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармақтың алтыншы абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 115 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Көрсетілетін қызметті алушыға және оның отбасы мүшелеріне қойылатын негізгі талаптарға сәйкестігін тексеруді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы жүргізеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 30.01.2026 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. "Қазақстан Республикасының тұрғынжайға мұқтаж азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

15. Қазақстан Республикасының тұрғынжайға мұқтаж азаматтарын, қандастарын есепке қоюдан келесі жағдайларда бас тартылады:

1) олар бірыңғай республикалық электрондық базада тұрады;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 115 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) Ақпараттандыру объектісіне тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған кезде олардың соңғы бес жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрғынжайлары бар болған немесе болған;

3) мемлекеттік тұрғын үй қорынан пайдалануға берілген тұрғынжайы немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайы болған;

4) ұсынылған құжаттарда және (немесе) мәліметтерде анық емес деректер болған;

5) олар бұрын мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды алған және жекешелендірген;

6) олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық деп танылған, басқа елді мекенде орналасқан жалғыз тұрғынжайы болған;

7) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламалары, саланы (аяны) дамыту тұжырымдамасы шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып, меншігіне тұрғынжай сатып алған жағдайларда тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюдан бас тартылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 30.01.2026 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

16-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 115 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды Ақпараттандыру объектісінде тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою туралы шешімді есепке қою туралы хабарламаны не есепке қоюдан уәжді бас тартуды жібере отырып, көрсетілетін қызметті беруші қабылдайды және өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей Қазақстан Республикасының азаматына, қандасқа Көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде және ұялы байланыс операторымен берілген көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда, оның абоненттік нөміріне мәтіндік хабарлама түрінде жіберіледі.

17. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін үш күндік мерзімнен аз уақыт белгіленген қызметке тыңдау жүргізілмейді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 30.01.2026 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

18. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты шешімі, іс-әрекеті (әрекетсіздігі) туралы шағым, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 30.01.2026 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Көрсетілетін қызметті берушінің шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес оған сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 30.01.2026 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 115 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
тұрғын үйге мұқтаж
азаматтарын, қандастарды
"Тұрғын үймен қамтамасыз ету
орталығы" электрондық
базасына есепке қою
қағидаларына 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 26.02.2026 № 76 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының тұрғын үйге мұқтаж азаматтарын, қандастарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті ұлттық даму институты мәртебесіне ие, тұрғын үй құрылыс жинақ банкі көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
---	---------------------------------------	--

2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауын	Жоқ
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Ақпараттандыру объектісі " Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасы (бұдан әрі – Ақпараттандыру объектісі) www.otbasybank.kz .
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	<p>1) тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын, Қазақстан Республикасының аумағында соңғы бес жыл ішінде меншік құқығында тұрғын үйі жоқ азаматтарды есепке қою кезінде - 1 (бір) жұмыс күні;</p> <p>2) жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен авариялық деп танылған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою кезінде - 3 (үш) жұмыс күні;</p> <p>3) ақпараттық жүйеде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы деректер болмаған кезінде - 3 (үш) жұмыс күні.</p>
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	<p>1) тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын, Қазақстан Республикасының аумағында соңғы бес жыл ішінде меншік құқығында тұрғын үйі жоқ азаматтарды есепке қою кезінде - электрондық (толығымен автоматтандырылған);</p> <p>2) жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен авариялық деп танылған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою кезінде - электрондық (ішінара автоматтандырылған);</p> <p>3) ақпараттық жүйеде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы деректер болмаған кезінде - электрондық (ішінара автоматтандырылған).</p>
		Қазақстан Республикасының тұрғынжайға мұқтаж азаматтарын,

6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	қандастарды есепке қою туралы хабарламаны не есепке қоюдан уәжді бас тарту.
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
8	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден сағат 18.30-ге дейін, түскі үзіліспен сағат 13.00-тен 14.30-ге дейін;</p> <p>2) ақпараттандыру объектісі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беруді келесі жұмыс күнінде жүзеге асырады).</p>
		<p>1) тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын, Қазақстан Республикасының аумағында соңғы бес жыл ішінде меншік құқығында тұрғын үйі жоқ азаматтарды есепке қою кезінде: Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электрондық түрдегі өтініш;</p> <p>2) жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен авариялық деп танылған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою кезінде: Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электрондық түрдегі өтініш; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы</p>

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

аттестатталған сарапшының техникалық қорытындысының (тұрғын үйді техникалық тексеру нәтижелері бойынша) электрондық көшірмесі;

3) ақпараттық жүйеде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы деректер болмаған кезінде: Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электрондық түрдегі өтініш; Жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығының жоқтығын және/немесе заңды өкілінің мәртебесін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, неке кию немесе бұзу туралы, балалардың тууы туралы куәліктерді, оларға меншік құқығында тиесілі тұрғын үйдің (Қазақстан Республикасы бойынша) болуы немесе болмауы туралы анықтамаларды көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, неке кию немесе бұзу туралы, балалардың тууы туралы куәліктерді, оларға меншік құқығында тиесілі тұрғын үйдің (Қазақстан Республикасы бойынша) болуы немесе болмауы туралы анықтамаларды көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін Көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер

қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) жалғыз тұрғынжайы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен авариялық деп танылған азаматтарға тұрғынжайы авариялық деп танылған елді мекеннен тыс жерде өтініш білдірген кезде, сондай-ақ, егер азаматтың соңғы бес жыл ішінде өзінің тұрғын үй жағдайының әдейі нашарлауының нәтижесіне мұқтаж болғаны анықталса:

тұрғын үй-жайын ауыстырғаны; тұрғын үйді жергілікті атқарушы орган сатып алған жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасының сол немесе басқа елді мекенінде тұрғанына қарамастан, оған меншік құқығымен тиесілі тұруға жарамды тұрғын үйді иелігіктен шығару;

оның кінәсінен тұрғын үйдің бұзылуы немесе бүлінуі; мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайға немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайға мұқтаж болмаған кезде тұрғын үйден шыққан;

жұбайынан, кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз балаларынан, сондай-ақ еңбекке жарамсыз ата-аналарынан басқа адамдарды қоныстандыру;

4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімнің болмауы.

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде

11	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса), оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>3) портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін электрондық нысанда көрсетілетін қызметтерді алу субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір реттік парольдерді пайдалана алады.</p>
----	---	---

Қазақстан Республикасының
тұрғын үйге мұқтаж
азаматтарын, қандастарды
"Тұрғын үймен қамтамасыз ету
орталығы" электрондық
базасына есепке қою
қағидаларына
2-қосымша
Нұсқа

"Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы"

электрондық базасына есепке қоюға өтініш

Осы арқылы мен,

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), туған күні, жеке басын куәландыратын құжаттың

нөмірі мен берілген күні, тұратын (тіркелген) мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі

енгізілгеннен кейін автотолтыру жүргізіледі)

Сізден мені тұрғынжайға мұқтаж ретінде "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына есепке қоюыңызды сұраймын.

Осы арқылы мен,

(сенім білдірілген тұлға/заңды өкіл бола отырып, толық Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), туған күні, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі және берілген күні, тұрғылықты (тіркелген) мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі енгізілгеннен кейін автотолтыру жүргізіледі), сондай ақ _____ (сенім білдірушінің/кәмелетке толмаған адамның Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)) атынан және мүддесі үшін әрекет ету мақсатында

Сізден _____ (сенім білдірушінің/кәмелетке толмаған адамның Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)) тұрғынжайға мұқтаж ретінде "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына есепке қоюыңызды сұраймын.

Менде және отбасы мүшелерінде Қазақстан Республикасында тұрғынжайдың бар немесе жоқ екенін тексеруге қарсы емеспін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жинауға және өңдеуге және мәліметтерді пайдалануға келісемін. "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 71 және 78-баптарының талаптарына сәйкес "Отбасы банк" АҚ интернет-ресурсында деректерді жариялауға келісемін.

Мемлекеттік дерекқорларда растайтын мәліметтер болмаған жағдайда хабардар етілді және Заңның 74-бабының 1-тармағында айқындалған тұлғаларға тиесілілігі жоқ тұрғынжайға мұқтаждарды есепке қоюмен келісемін.

Ұялы телефон нөмірі: _____;

Электрондық пошта: _____.